



шетелдегі
қазақтар

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СЫРТҚЫ ІШКІ ІС ҚИЗМЕТІ

Өтөлберген
ӘЛІМГЕРЕЕВ




БАҒА ЖАЙЛАҒАН
ҚАЗАҚТАР

Өтепберген ӘЛІМГЕРЕЕВ



**ЕДІЛ
ЖАЙЛАҒАН
ҚАЗАҚТАР**

Деректі зерттеу



*Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы
Алматы-2012*

УДК 316
ББК 60.54
Ә 55

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат
министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Әлімгереев Ө.

Ә 55 **Еділ жайлаған қазақтар.** Деректі зерттеу. Өтепберген Әлімгереев.
— Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. «Атажұрт»
баспа орталығы. 2012 жыл. 248 бет.

ISBN 978-601-7023-52-2

Тағдыр талайымен дүние жүзінде тарыдай шашылған қазақтардың бір алуаны Ресейдің Астрахан облысында қоныс тепкен. Олардың бұл өңірлі мекен ғып, өмір сүре бастағанына да екі ғасырға жуықтады. Бір кездері Астрахан губерниясына қараған Бөкей Ордасының көптеген қазағы балық кәсіпшілігі, жұмыс бабы, тұрмыс қажеттілігіне орай су бойын жағалап, қала тұрмысына бейімделді. Оқыды, тоқыды, кәсіп қылды. Ақыры сол өңірде тұрып қалды.

Жазушы-журналист Ө.Әлімгереевтің бұл кітабында Еділ жайлаған қандастарымыздың кешегі-бүгінгі тіршілігі, қазақстандық қандастарымен араласы, Бөкей Ордасы өңірінің біртуар өрендері жайлы әңгіме болады.

УДК 316
ББК 60.54

ISBN 978-601-7023-52-2

© Әлімгереев Ө., 2012
© Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы
«Атажұрт» баспа орталығы, 2012

АЛЫС ТА ЖАҚЫН АСТРАХАН

Астрахан есімі қазақтарға қашаннан таныс. Аңыздарға құлақ түрсек, аз Жәнібек ханның тұсында ірге көтерген бұл қала Алтын Орда дәуірінде қандастарымыз мекендеген құтты қоныс көрінеді. Мүмкін солардан болар, осы өңірде кіндік кесіп кір жуған даланың дана философы Асан Қайғы (Хасан Сәбитұлы, XIV ғ.) «Еділ мен Жайықтың, бірін жазда жайласаң, бірін қыста қыстасаң-қос қолыңды маларсың, алтын менен күміске» деп көңілі шалқып тасиды. Бірақ Асан атаға Жәнібек ханның қала іргесін көтерудегі әлде бір қылығы ұнамай, екі рет шақырғанда келмей, тек үшіншісінде ғана азар келіп «Ай, Жәнібек, ойласаң, қилықилы заман болмай ма, суда жүзген ақ шортан қарағай басын шалмай ма?! Мұны неге білмейсің! Қорған салдың бейнет қып, қызметшің жатыр ішіп жеп... Оны неге білмейсің?! Хош, аман бол, Жәнібек, сіді мені көрмейсің! Түптің түбінде Астрахан бізге бұйырмайды, арқадан келген өзге дін иелеріне мекен болады» деп Жайыққа қарай желмаясын тебініп жүре беріпті деседі.

XV ғасырда қазақ әдебиеті төл басыларының бірі Қазтуған жырау «Алаң да алаң, алаң жұрт, ағалаң ордам қонған жер. Атамыз біздің бұ Сүйініш күйеу болып барған жұрт. Анамыз біздің Бозтуған келіншек болып түскен жұрт» деп осы өңірдегі Ақтуба мен Бозан өзендері бойын бойтұмардай қадірлеп, жырға қосады.

XVI ғасырда Доспанбет жырау «Айналайын, Ақ Жайық, ат салмай өтер жер қайда?» деп Азауынан әрі өтіп, Астраханға бет алғанда тебіңгіден тер төгіп, қанжығадан қан кетіп, қапыда қайтыс болған еді ау?!

Ақырында Асан ата айтқан өкініш аумай-төкпей алдымыздан шықты. XV ғасырдың орта тұсынан аса Алтын Ор-

дадан қашып шыққан Махмұт хан мен оның інісі Ахмет Еділ өзенінің төменгі сағасында Астрахан хандығын құрып, билік жүргізе бастап еді, бірақ адам ғұмырының өзі ғасырдан ғасыр асып, жалғаса бермейді ғой, өлім деген өкініш Махмұтты алып тынғанда, оның мұрагері болып таққа ұлы Қасым отырады. Әйтсе де байлық деген қара мысық ағайынды екеудің жүрегін тырнап, бірін Мәскеу княздігі, екіншісін Қырым хандығына шабуылға шығарып еді, амал не, екеуі де ойсырай жеңілді. Оның үстіне Үлкен Орданың күйреуі Астрахан хандығының Ноғай Ордасы әміріне бағынышын күшейтіп, күннен күнге әлсіретті. Әлі кетіп, ауыз бірліктен айрылған хандықты 1556 жылы IV Иван Грозный айтақтаған И. Черемнесинов басқаруындағы жер қайысқан Дон мен Еділ бойының кезбе казактары басып алды. Арада екі жыл өткенде қала Ресей патшалығы империясы қолы астына өтті. Міне, содан бері аттай 450 жыл болды. Өкінішті, бірақ бәрін де уақыт женеді, мезгіл емдейді.

Бірақ біздің нәсілдестеріміз іргесін өздері қалаған қаланы уыстарынан шығарып алса да бұл аймақтан қол үзіп көрген жоқ. Біраз уақыт үзілісте болса да мезгіл өте даласына малын бақты, өзеніне ау салып, қармағына қарағөз іліндірді. Ең бастысы, ұлын өсіріп, қызын бойжеткізді. Олардың арасынан келешек Ресей мен Қазақстанға белгілі талай тарлан азаматтар тәрбиеленді, біраз жұрттың жамбасы осы өңірде жерге тиді. Басқасын былай қойғанда, XIX, XX ғасырларда халқымыздың музыка өнерінің марғасқалары, атакты күйші-композиторлар Құрманғазы (1823-1896) Алтынжарда, Сейтек Оразалиев (1861-1933) Ақтөбеде (Хошаутово), Ерғали Есжанов (1863-1949) Лебяжьеде (Құмөзек) дүниеден озып, мәңгілік мекен етті.

Одан беріде Еділді қатар еміп, Каспийде кеме жарыстырған орыс пен қазақ елдеріне есімдері белгілі қанша мемлекет, қоғам қайраткері, экономика мен әлеуметтік салаға еңбегі сінген айтулы адамдар өсіп шықты. Оның бәрін дәл қазір бармақ бүгіп, саусақ санап, түгендеп біту мүмкін емес. Осы күні Астрахан облысында 200 мыңға жуық қандастарымыз

тұрады. Олар негізінен Күмөзек, Володар, Красный Яр, Икрян, Харабайлы, Приволжии аудандары мен облыс орталығының өзінде тұрып жатыр. Басқалар сынды олар да бұрынғы Одақтағы 1991 жылдың 21 тамызынан кейінгі дамудың жаңа жолына түскен Ресей Федерациясы Астрахан өңірінің экономикалық-әлеуметтік өсуіне өз үлестерін қосып келеді. Негізінен аймақтың аграрлық жүйесі, оның ішінде мал және егін шаруашылығын дамыту, су шаруашылығы, теңіз флоты, балық өнеркәсібін өркендету, облыста кейінгі жылдары қарқын алған мұнай өндіру саласына қосып жатқан үлестері мол. Әлеуметтік бағытта да атқарып отырған жұмыстары көп. Оларды облыстық деңгейде жалпылама бағытта сараласак, мынандай салаларды құрайды.

Астрахан облысында ежелден бергі ата кәсіп-балық өнеркәсібі, теңіз, су шаруашылығы. Кеңес өкіметі тұсында аталған облыста жылына 250 мың тонна су маржаны ауланса, оның 100 мың тоннасы бекіре тұқымдас балықтың үлесіне тиетін. Бұл сол кездің (1965-1975 жылдар) көрсеткіші бойынша Одақта теңдесі жоқ үлес еді. Бұндай артықшылық көлемі жағынан аз болғанмен, нәтижесі жағынан әлі де сақталуда. Облыс ас тұзын өндіру мен өңдеу ісінде Ресейде бірінші орында тұрады.

Сондай-ақ облыста қатты дамыған сала — егін шаруашылығы. Мұнда көкөніс, бақша дақылдарын егу мен оларды өңдеу ісі жақсы жолға қойылған. Астрахан қаласының өзі мен Ахтубада және Харабайлыда ауыл шаруашылығы өнімдерін, соның ішінде балық және егін өнімдерін өңдеу, құтылау зауыттары бар. Төменгі Басқұншақ пен Ахтубада тұз шығару кәсіпорындары жұмыс істейді.

ТМД көлеміндегі ең ірі кеме жасау және өңдеу зауыты осы Астрахан қаласында орналасқан. Аталған зауытта дайындалған қазақстандық «Сұңқар» платформасы мен басқа да мұнай қондырғылары еліміздің сутегі шикізатын өндірушілеріне жақсы таныс.

Астрахан мен Ахтубадағы тепловоз жөндеу, ұста-жаңыштау (прес) және технологиялық құрал-жабдықтар

шығаратын кәсіпорындардың да үлес салмағы мол. Жоғарыдан төмен Еділ өзенімен тасымалданып, ағып келетін ағаштарды өңдеу, үй жиһаздарын жасау ісі де көптен бері қолға алынған. Целлюлоза-қағаз, картон дайындаумен облыстың аты шыққан. Шыны талшығы, резина зауыттары бар.

Облыста ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан кәсіп-мал шаруашылығы. Мұнда төрт түлікпен қоса шошқа өсіру де қолға алынған. Астраханның Харабайлы, Владимировскі қалаларында ет комби-наттары жұмыс істейді. Өңірде бір кездері тері өңдеу, аяқ киім тігу, байпак, киіз басу, ау тоқу фабрикалары жұмыс істеді қазір олар уақыт талабына сай мамандандырылып, қызмет түрін жаңартты. Сүт зауыттары мен кондитер фабрикаларының игілігі мол.

Әлеуметтік салада да оңды өзгерістер бар. Облыс орталығындағы балық өнеркәсібі мен балық шаруашылығы институты, медицина академиясы, консерватория, педагогика институты қашаннан бері Ресеймен бірге Қазақстан үшін де білікті мамандар даярлап келеді. Бұлардан басқа қалада түрлі ғылыми-зерттеу институттары мен орта, жоғары оқу орындары, жалпы білім беретін мектептер, мектепке дейінгі мекемелер, мәдениет ошақтары, театрлар мен зоопарк, мұражайлар мен кітапханалар бар.

Оңды кадам-педагогика институты мен педагогикалық колледжінде жергілікті қазақ балаларына ана тілінде білім беретін ұстаздар даярланады. Оларға Атыраудағы Х. Досмұхамедов атындағы университеттің оқытушы-профессорлары ұдайы дәріс оқып, тәжірибе алмасады. Мектеп ұстаздары да жалпы білім беру бағытында озат тәжірибелерін ортаға салып бөліседі.

Облыстық теледидар мен радиода анта сайын қазақ тілінде хабарлар беріледі. 20 жылдан бері «Ақ арна» деп аталатын қазақша газет шығып тұрады. 1990 жылдан бері «Жолдастық» деп аталатын қазақ мәдениеті мен тілінің өңірлік қоғамы жұмыс істейді. Оған туған халқын жанындай сүйетін қаржыгер, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген

қайраткері Никита Сейітұлы Ысқақов ұзақ жыл жетекшілік етті, қазірде құрметті төраға. Аталған қызметті дәрігер Х.Ф. Джаркенов атқаруда. Аталған қоғамның мұрындық болуымен өңірде қандастарымыздың ұлттық рухани өсуі мен жетілуі жолында көптеген жұмыстар атқарылды. Ұлы күйші Құрманғазының кесенесі қайта көтеріліп, Алтын-жарда құрамында музыка мектебі мен концерт залы, қонақ үйі, ұлы күйшінің өмірі мен шығармашылығы, қазақтардың бұрындарғы тұрмысы, өнерін бейнелейтін мұражайы бар өңірлік мәдениет кешені пайдалануға берілді. Бұл жерде бірнеше рет Қазақстан мәдениетінің Астрахандағы күндері өтті.

Қаладағы Совет көшесі бойындағы келісті алаңда Құрманғазыға арналып еңселі ескерткіш қойылды. Салмағы 115 тонна тартатын бұл алып ескерткіштің мүсіншісі, аты қазақстандықтарға бұрыннан мәлім, Атырау облыс орталығындағы ұлы күйші ескерткішін жасаған А. Рахмадиев болатын. Ал оның Еділ бойына қойған мүсіні Ресейлік қандастарымызға рух беріп, намысын оятатындай айбынды да еңселі болып шықты.

Астрахан Атырауға, жалпы Қазақстан үшін қашаннан бері қанаттас жатқан төрде басы, төскейде малы қосылған, ырыс берекесі ортақ облыс. Сол достық пен дәстүр бұрынғы сынды тәуелсіздік жылдарында да жалғасын тауып, 1995 жылдан бері екі республика облыстары басшылығы өзара экономикалық, ғылыми-техникалық серіктестік байланысты нығайтып, жақсарту бағытындағы келісімге қол қойды. Олардың дені кәсіпкерлік құрылымдар арасындағы-сауда экономикалық ынтымақтастықты барынша тереңдетуге арналып отыр. Сондай-ақ аграрлық жүйе мен балық шаруашылығы, мұнай-газ саласы, білім-ғылым, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау, төтенше жағдайлардың алдын алу, күштік құрлым (құқық қорғау) бағытында да оңды ойластырылған екі жақты келісімдер бар.

Өзара ынтымақты байланыс аталған облыс пен Атыраудың Құрманғазы ауданы арасында да аса нәтижелі

екенін ауыз толтыра айтумыз керек, олар қашаннан бері аудандары өміріне қатысты қандай да бір шараны бір-бірінің қатсынсыз өткізіп көрген жоқ. Мүмкін ол да дұрыс шығар. Өйткені түпкі кұйылар айдыны бір аймақтың арасын бір ғана Қиғаш өзені бөліп тұр емес пе? Сол Қиғаштың әр жағынан толған айдай толықсыған жас ару иін ағашын ныққа асып, бұлықсып кеп су алса, бергі беттегі ат суарған әсем жігіт көз тоймай ән ағытпаушы ма еді?!

Жә, ол да өзінше өрнек, өмір суреті, тағдыр талайы...

Өткен жылдары осы өзен үстінен екі жақты келіс-барысты жиілету мақсатында маңызды көпір салынып, іске қосылды. Аузында шекара-кеден мен автокөлік бақылау, санитарлық-эпидемиологиялық станса қызметтері, мал дәрігерлік қадағалау орындары бар бұл көпірдің ашылуына екі елдің үкімет басшылары келіп, қашаннан бергі қалыптасқан қарым-қатынасымызды одан әрмен тереңдетіп, бекітті.

Қазақтар әлімсақтан «Атырау деп кеткен айдынды Каспийдің терістігін қатар жайлап, ырыздығын бірге емген астрахандықтар 2008 жылы ежелгі қалаларының 450 жылдығын үлкен салтанатпен тойлап өтті. Оған теңіз жағалаған 5 мемлекеттің басшылары бастаған үлкен делегация қатысты. Мерейтойды ұйымдас-тыруда қалада көлемі 90х35 метрлік алып сахна орнатылып, онда қаланың кешелі-бүгінгі тарихын бейнелейтін көріністер көрсетілді. Ойын-сауық бары-сында Англия мен Германиядан келген ди-джейлер дайындаған музыкалық шоу тамашаланып, Людмила Сеншина, Валентина Толкуновалар ән салды, «Самоцветы» ансамблі мен Филипп Киркоров өнер көрсетті. Сондай-ақ концертте құрамында 900 адамы бар бишілер тобының өнері де қонақтар есінде ұзақ сақталатын болады. Сөйтіп айдын шайқап, толқын құшқан ежелгі қала жаңа белеске қадам басты.

ҚОС ӨЗЕН АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚОНЫС

«Еділ-Жайық — екі су»...

Жаралғалы жарып-бөліп айтылмаған бұл өзендер жәйлі өлкеміздің өрен жүйрік ақыны Насихат Сүгірұлы өзінің Сталиндік бұғауда отырып, төкпелеген кезекті бір ұзақ толғауын осылай деп бастаған-ды. Беу, десеніңші, талайдың көз сұғын өзіне тартып, өзегін жұлып алар арудың арқасындағы қос бұрымындай қатар жатып, бар сырды бірі қатты, бірі жәй бұралған егіз ішегінен егілтетін кара домбыраның саз үніндей, адамзат баласының ізгі арманын алға жетелейтін болат жолдың қос тініндей қатар жатқан бұл өзендер жәйлі арғы-бергі ықылым заманда кімдер жырға қосып, әуенді әнге арқау етпеді десеніңші.

Алдымен ару Ақ Жайықты алыңыз. Бірде Даик, Гаик, Еик, уақыт өте Ұлысу, одан бері Жайық, тіпті Степан Разин мен Емельян Пугачевтің елді бүрліктіріп, күллі Ресейді аяғынан тік тұрғызған әлдебір қозғалысына бола ежелгі атын мансұқ еткен екінші Екатерина патшайымның өзі оның Жайық атын ел есі, халық жадынан жойып жібере алмады.

Еділ де сол, әу баста «Ра» өзені деп аталғанымен, орта ғасырдан бергі иеленіп келе жатқан «Еділ» есімін «Волга» деп қанша рет дүрдітіп бөрік кигізсе де әлі естен шығара қойған жоқпыз. Иә, деймін-ау, Еділ-Жайық атауы қазақ пен татар, башқұртта қашаннан бері жатталып қалған ұлы есімдер. Онда бауырлас халықтардың қаны, қимас жандары бар. Аяқталмаған армандары, алға асыққан үміттері жатыр. Сондықтан да оны әнге қосып, жырға бөледі. Сол баяғы XV ғасырда жер жұмағын іздеп, басында Қазанда, одан төменгі Еділді еншілеп, Сарайшыққа желмаясын шөгеріп, Тайсойғанның Қорғаншасында он жыл қыстаған, Қаратау мен Жетісу асып, қос Танайын қасына ертіп, абыз шағында

Арқаға жетіп, ақыры Ұлытауда мәңгілік ұйықтап кеткен Асан Қайғының өзі

«Еділ менен Жайықтың

Бірін жазға жайласан,

Бірін қысқа қыстасан,

Қос қолыңды маларсын,

Алтын менен күміске», - деп біз сөз етіп отырған қос өзеннің осыдан алты ғасыр бұрын Еділ мен Жайық екенін дәлелдеумен бірге, олардың қашаннан байлық бастауы, дәулет көзі екенін жырға қосады. Сол ақын тағы бір өлеңінде: «Ағайынмен тату бол, керек болса жаныңды кидың» мысалы ретінде:

«Еділ бол да Жайық бол,

Ешкімменен ұрыспа.

Жолдасыңа жау тисе

Жаныңды аяп тұрыспа» деп даналық жолдарын ұсынады.

Отызға жетпес ғұмырында аты Дешті Қыпшақтың көк туын құлатпаймын деп, қолынан пашакты найза, шарболат қылышын тастамайтын Дон мен Еділ, Жайық арасында шапқылаумен ғұмыр кешкен жауынгер ақын Доспамбет (XVI ғ.)

«Айналайын Ақ Жайық,

Ат саламай өтер күн қайда?!

Еңсесі биік боз орда,

Еңкеймей кірер күн қайда?!» деп зарланады.

Одан бергі ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген атақты Ақтамберді жырау да әйтеуір осы бір Еділ-Жайық есімінің қашан да қазақтың жадында жыр, көмейінде сыр боларына сене отырып,

«Еділ-Жайық екі өзен,

Талсыз болар деймісің?!

Көкшетаудың көп көлі

Елсіз болар деймісің?! – деп атасы қазақтың қоғалы көлдер, қом суларының азбасына, тозбасына үміт артады.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында бар-жоғы қырық үшінде қыршынынан қиылған Махамбет те сол Еділ-Жайықтың арын арлап, мұңын жырлады. Ағайындарының азаттығына бола күн кешті.

«Еділ мен Жайық жер еді-ау,
Мекен еткен шаруаға» деп ол қос өзеннің мәнін көтерумен бірге

«Еділ үшін егестік,
Тептер үшін тебістік.
Жайық үшін жандастық,
Қығаш үшін қырылдык», - деп қос өзеннің кредосын ашық айтады.

Сайып келгенде, осылайша арғы-бергі талай ақынның жырына арқау, батыр-баһадүрлердің тағды-рына темірқазық болған бұл қос өзен арасы ежелгі түрік тұқымдас – бүгінгі қарға тамырлы қазақтың білектің күші, ақ найзаның ұшымен қашаннан бергі қанын төгіп, қорғап қалған қонысы. Бірақ біз әуелі орыстың, кейін қалмақтың тепкісіне орай одан да айрылып калып, алыстан көз сүзіп, көңіл бұзылуымен ғана жүргеніміз де рас. Әйтсе де жаңы пейіште болғыр Әбілхайыр ұрпағы Бөкей сұлтан арада екі ғасырдан астам уақыт өткенде аңырап жүріп, қанырап қалған атақонысқа деген аңсары ауып, қанында қайсарлығы өсті ме, әлде таққа байланған бакты қуды ма, әйтеуір ежелгі Еділ-Жайық арасына Ойыл-Қиыл, Жем-Сағыз бойындағы ұлтанды елден енші алып, көшіп келді. Дегенмен аталған жер әкімшілік-басқару жағынан Ресейге, яғни патшалық Россияға қаралатын. Бірақ одан бері де қаншама ию-кию заман өтті, тіпті кешегі кеңес өкіметі шаңырақ көтеріп, кең байтақ қазақ жерін ұлтарақтай бөліп, көбі алпауыт Ресейдің қанжығасына кеткенде Бөкей ханның қазақтарға қоныс ретінде ғана қайтарған Еділ-Жайық арасы Ә.Ермеков, У.Танашев сынды елім деген, еті тірі ағаларымыздың арқасында қандастарымызға енді басы байлы атамекен ретінде қайта бұйырды. Қазақстан жері деп танылды. Ендеше 120 жыл Ресей отарында болған Бөкей ордасының сол кездегі хал-ахуалы қандай еді. Патшалық Ресейден не алып, неден ұтылды? Ол үшін әңгімені барлық істің бастауында тұрған Бөкейден бастайықшы.

Расында да осы орайда күні бүгінгі дейін не жақсыда, болмаса жаманда аты жоқ, тек «Бөкей» деген есімімен

ғана ел есінде қалған, қазақтың Еділ мен Жайық өзендері арасына қайта оралған кезеңіндегі алғашқы хан – Бөкей Нұралыханұлы туралы бір ауыз сөз айтпауымыздың өзі де айып сияқты.

Шындығында Бөкей кім?



БӨКЕЙ ХАН

Ішкі Орда халқы өздерінің мәдени өмірлерінің және де ақыл – ой қабілеттерінің дамуы жағынан Бөкейханға алғыс айтуға міндетті. Бөкей қазақтарды дала төсінен астрахандықтардың жеріне көшіріп әкеліп, қала, қыстақ жұртын қабылдады.

Мұхамед-Салық Бабажанов

Әділін айтсақ, тарихтан танымы бар, өткеніне өзегі өртенер жан болмаса, бүгінгі ұрпақтың көбі бұл есімді біле бермейді. Өйткені жоғарыдағыдай өткенді сүртіп, өлгенді түртіп, құдай десе құтырынып, бай-молданың сонына шырақ алып түскен кешегі кеңес өкіметі заманында Бөкей түгіл оның ұлы атасы Әбілхайырдың өзіне бас шайқап, әре-сәре кейіпте көз аларта қарадық емес пе?

Ішкі Орданың алғашқы ханы – Бөкейдің қай жылы туғандығы жайлы нақты дерек жоқ, бірақ Нұралының төртінші ұлы екені, Кенес дәуіріне дейін өмір сүрген зерттеуші оны 1746 не 1747 жылы туған болуы керек деп болжайды. Бұл пікірді кейінгі кезде оралдық өлкентанушы Ж.Ақбаев та қолдап, өз жазбаларында келтіріп жүр. Ел ішінде айтылатын аңыздарда «Нұралыханның сандаған әйелінен 30 ұл, 40 қызы болыпты» делінсе, 1771 жылы хан ауылында болған орыс тарихшысы И.Г.Георги өз жазбаларында «оның 4 әйелі, 8 күнінен барлығы 75 перзент, солардың 40-ы ұл» деп көрсетіледі. Ал Атырау өңірінің біздің заманымыздың ХХ ғасырының 60, 70-жылдары өмір сүрген мықты шежірешісі Ыбыраш Қорқытов өз қойын дәптерінде жоғарыдағы аңызда айтылатын отыз ұлдың атын тізіп, жазған екен. Олар – Абылай, Ақсерт, Арыстан, Артықәлі, Бөкей, Бекқали (Сапак), Бегәлі, Ғазалы, Есім, Есенәлі, Елтай, Жаналы, Жалтыр,

Жәнібек, Жәреке, Қаратай, Күсен, Нұреке, Орман, Пірәлі, Сығай, Саян, Сереке, Сейдалы, Тұрдалы, Ұзақәлі, Шотқара, Шорман, Шөке. Бөкей ханның үшінші әйел – Ақколтықтан (халықтық дәстүрде үшін-ші әйелді осылай атаған. Ө.Ә.) өрбіген үш ұлдың үлкені деп жазады. Кейінгілері Шығай (дұрысы Сығай), Шүке. Бөкей әйгілі Сырым батырдың заман-дасы, тым әрі кетсе, төрт-бес жас кішілігі болуы да ықтимал. Жас шағында жігітшілік жолымен екеуі бір сұлуға таласып, бірақ соңыра әлдекімдердей бір-біріне кек сақтамай, керек десе Сырым батыр әкесіне қарсы шыққан кезінде де «Баяғы шүйке бастың қыжылы кетпеген мігіт екен ғой, соны жүрегіне дық санап жүр» деп айтады деп Бөкей Сырыммен арадағы еш дауға араласпапты. Ал Сырым болса, Бөкейдің қос өзен-Еділ мен Жайық арасындағы кең жазыққа қоныстан-уына жаны қалмай араласып, ақыры патшадан рұқсат алуға да ықпал еткенге ұқсайды.

Сайып келгенде, бұл ара бі кездегі қыпшақ даласы, кейінгі Ноғай Ордасы орналасқан, қазақ мемлекетінің уығын қадап, керегесін көтерген Қасым хан, оның ұлы Ақназардың ақ найзаның ұшы, құрыш білектің күшімен сақтап қалған сары даласы, абыз ата Асанның желмаямен Жерұйық іздеп, желіп өткен, жөргегін жуған қасиетті мекені, жері болғанымен, біраз уақыт қалмақтар мен Астрахан губерниясына қарасты күндр татарларының мекеніне айналғаны белгілі. Соған сай 1737 жылдан бастап бұл аймаққа қазақтардың мал-жанымен көшіп-қонуына рұқсат етіледі. Әйтсе де 1771 жылдан бастап қанырап бос жатқан бұл аймаққа қожа Орал мен Астрахан қазақтары ғана еді.

Солай бола тұрса да 1748-1749 жылдардың қатты қысынан бастап Орынбор губернаторы И.Неплюевтің рұқсатымен тек Нұралы, кейіннен 1755-1758 жылдардан бастап оның күллі тұқымдарының Жайықтың оң, яғни Самар бетіне шығып, қыстауына мүмкіндік туды. Бұл жылдар мал тұяғы тимеген шұрайлы жердің табын-табын жылқы, келе-келе түйенің, қой отарларының қандай қыстан да қысылмай шығуына жағдай жасады. Күндер өте Шыңғырлау мен Жымпиты, Бұлдырты

мен Ойыл, Тайсойған мен Бүйрек, Сағыз бен Мұқыр бойын жайлап, мал өрісі тарылып бара жатқан қыр қазақтары аталған өңірге алаңдады. Кейде олар Жайық бойын күзеткен шекаралық әскер басшыларының рұқсатына қарамастан ішкі бетке еніп кетіп те отырды. Осыдан кеп жылдар бойы тусырап жатқан қос өзен аралығын қазақтар иелігіне беру қажеттілігі туды. Оның бұдан басқа да себептері бар еді.

Патша өкіметі Сырым бастаған шаруалар қозғалысынан сонда қайта-қайта бас көтере бастаған Кіші жүз қазақтарының күшін ыдырату, отарлау саясатын бұрынғыдан да пәрменді жүргізу ниетінде болса, Орынбор-Орал казак әскерлері старшындарының «әскери барлауы» деген желеумен елге шығып, қара халықтың малын барымталап, дүние-мүлкін тонауы, сондай-ақ елдегі сұлтандардың таққа таласынан бір-бірінің адамдарына жәбірі, тағы да ұрлық-зорлық, сокқыға жығу жиіледі. Екі оттың ортасында қалған халық қайда кетсек те, әйтеуір осы алпауыттар мен әнербақандардан құтылсақ екен деген ниетте болды.

Осындай тонауға түскен ел, талкегі шыққан халық, Қаратай, Жантөре сынды өз ағайындарының билікке таласын көрген Бөкей қайткенде де осы арадан кету, бас сауғалап, басқа жерден мекен іздеуге асықты. Оған қоса ол бұл өңірден өзі сынды қашаннан бері Шыңғыс хан тұқымы аңсаған тақ, көксеген баққа жуық манда қолы жетпейтінін де жақсы білді. Сонда не істемек? Амал жоқ, замандасы Сырымның жатса-тұрса айта беретін Жайық пен Еділ арасындағы Самар даласына (Нарын құмына) бет түзеу керек. Бұл бір қарағанда бұқара халықтың да көптен бергі көкейдегі ойы, көңілдегі түйіні еді. Бірақ мұндай бақытқа не болудың бірден-бір жолы, алдымен орыс әкімшілігінің рұқсатын алу керек. Өйткені аталған жерлер жоғарыда айтқанымыздай Орал мен Астрахан казак әскерлерінің бақылауында еді.

Міне, осындай түрлі себептер мен қажеттілікке орай Бөкей Нұралыханұлы Астрахан казак полкінің командирі, полковник Поповка, ал Поповтың Астрахан әскери губернаторы Кноррингке, Кноррингтің хаттары мен ұсыныстары

және Бөкейдің Павел Біріншіге жолдаған өтініштерінің негізінде патша 1801 жылдың 11 наурызында мынандай Жарлық берді: «...қырғыз – қайсақ Кіші Ордасындағы хан кенесіне басшылық жасап отырған Нұралы ханның баласы Бөкей сұлтанды өз қарамағыма шын ықыласыммен қабылдаймын, қай жерге көшіп барамын десе де ерікті...».

Осы жылы Бөкей бастаған 5000 үй Жайықтың оң бетіне көшті. Арада жеті жыл өткенде үйлер саны 7500-ге жетті.

Бөкей алғашқы жылдары Сарайшық төңірегі, одан қазіргі Атырау облысындағы Исатай ауданы Жалтыр көлінің маңын қонысқа жәйлі, малға тыныш жер деп тауып, 200 үймен көшіп келеді. Ол кезде аталған көл ұзыны 22, ені 16 шақырымды алып жатқан шалғыны мол, балығы көп, шұрайлы аймақ екен. Бірақ Жайық өзенінің көктемгі тасуынан ғана кемерленіп, қалған кезде жаңбыр суымен мольғатын тұйық көлдің болашағы шамалы екендігіне көзі жеткен Бөкей бұл жерде көп аялдамай, артынша Еділдің енді бір саласы – Қиғаш өзенінің түпкі сағасына қарай қоныс аударады.

Жалтыр көлінің батыс жағасында әлі күнге Бөкей қыстауының орны бар. Осы жерде отырғанда оның анасы қайтыс болған. «Бөкей шешесі» деп аталатын үлкен қорым қазіргі Хамит ауылының (бұрынғы Новобогат селосының) арқа батысында орналасқан. Дәл осы арада «Бәйбек қыстауы» деген де жер кездеседі. Ал осы атаудағы село Нұралыханұлының Қиғаш бойындағы соңғы табан тіреген жері – Кішкене арал (орысша «Малый арал» деп атайды) түбінде де бар. Сөйтсе Бәйбек мырза Астрахан басшылығымен арада тілмаштық қызмет атқарған Бөкейдің оң қолы болғанға ұқсайды.

Біз бұл әңгімелерді кезінде жасы 100-ден асқан абыз ата, Исатай ауданының тұрғыны Сидеғали Нұрманұлының, ресейлік Бәйбек селосының ардагер ақсақалы, сол өңірдегі «Родина» ұжымшарының бір кездегі төрағасы Қазбек Дүйсенұлы Қокаловтың ауыздарынан естідік. Бәйбек, осылай аталатын ауыл туралы әңгіме сәл кейінірек.

Сидеғали қария «Атам Әлмағанбеттің әкесі Төлепбай Бөкеймен замандас, сырлас, Нарын бетке бірге көшіп, қоныстас болған жан еді. Аталарымның айтуынша Бөкей көруге көз керек, беденді, көркіне ақылы сай, беделді адам екен» деп отыратын. Ал атыраулық белгілі журналист, марқұм Күзембай Әмір «1947-1948 жылдары мектепте оқып жүргенімде Бөкей қыстауын да, «Бөкей шешесі» қорымын да көрген болатынымын. Алғашқысы күйдірілген қызыл кірпіштен салынған, бірақ сол кезде орны ғана бар, ал соңғысының басынан түн болса от жанып тұратын. Сондықтан қасына көп жақындамаушы едік» деп еске алатын. Жергілікті халық қорым төңірегінде құрылысқа аса қажетті қиыршық тастың мол қоры болғандығы, оны жұртшылықтың кейінгі кезге шейін пайдаланып келгендігін айтады. Сөйтсе де ол туралы халық аузында да түрлі аңыздар бар, оны бүгінгі әңгімеге араластырғанды жөн санап отырған жоқпыз.

Жоғарыда айтқанымыздай жаңа қоныстанушылар бұдан әрі Павел I-нің рұқсат бергеніндей Қиғаш бойы, теңіз өресі, Үлкен және Кіші Өзен төңірегі, басқа да сулы-нулы жерлерге қоныс тепкенді қалап, сұлтан төңірегіне жиналғандар қазіргі Макаш ауылдық округі аумағы, кейін Астрахан облысындағы Кішкене арал селосы маңына келген. Мүмкін, Бөкей атына байланысты да шығар, сол кезде Кішкене арал «Хан сарайы» деп аталыпты. Іргесінде Хан өзен деп аталған жіңішке өзен ағып жатқан. Кішкене аралда сұлтан қыста қыстап, жазда жайлауға, құмға көшеді екен. Негізінде елде Бөкейді көбіне мал қонысына орай көшіп жүретін үйелмен болыпты дейді. Бұл пікірді көп жыл осы арада еңбек етіп, кейін 1973 жылы Атырау қаласында дүние салған фельдшер, Кранштат әскери фельдшерлік мектебінің өткен ғасыр басындағы түлегі Қажығали Мәмеков те жоққа шығармайтын.

Жергілікті халықтың айтуынша Бөкей негізінен Кішкене аралдың терістік бетіндегі Тебенұр көлін жиектеген Бабашағыл деген жерде отырған. Ол бір кездегі қалмақтар жайлаған қонысқа қолайлы, малға жәйлі мекен екен, «Тебе» қалмақтың түйе, «нұр»- көл деген сөз.

Ғажапты қараңыз, сол Бабашағылдан сәл ғана аулақ-қозы өріс терістікте Исатайдың әкесі Тайман да отырыпты (Кейінен Тайман Ордадағы жер бөлініс ыңғайына қарай қазіргі Манаш мекені тұсына қарай қоныс аударады). Оған себеп екі қария өле-өлгенше көңілдес, дос болған. Тіпті Жалтыр көлінің жағасында отырғанда шешесінің жылын берген Бөкей жиналғандар алдында барша ағайын, әсіресе Тайманға елден ерек рахметін жаудырып, онымен достығы ұрпақтан ұрпаққа кететіндігі, балаларына даритынын айтып, сендіріпті. Оған қоса өзінің әлі де батысқа қарай, анау Астраханның қолтық тұсына қоныс аударғысы келіп отырғандығын, бұл ниетке тілеулесі Тайманның да қарсы болмайтындығы, өйткені қалған ғұмырымызда ауылымыз аралас, қойымыз қоралас, жаз жайлауымыз бен қыс қыстауымыз қатар жатып, бір-біріміздің төбемізді көріп отырайық деп екі абыз ақсақал ағайын-туыс, балаларының көзінше нан ұстап, нар ауыстырып, ант-су ішіпті.

Сол үрдісті ұмытпаған Исатай кейін қалың әскер, мол қолмен Жасқұстағы хан ордасына табан тіреп, қамап тұрғанның өзінде бір аптаға мұрсат беріп «Әкелеріміз Алла атынан достыққа ант беріп еді, мына шоқыншы сыбан қалмақ оны да ұмытты ғой» деген екен. Данағөй қариялар Исатайдың сол жолғы хан ордасын шаппауының басты себебі – батырдың әкелері антын бұзу, әруақ аттаудан қорыққаны деп дәлелдейді. Сайып келгенде қисынды уәж, мүмкін солай да шығар.

Ал сол Кішкене арал, немесе Бабашағылға қайта оралсақ, аталмыш алқап Бөкей үшін қолайлы болғанға ұқсайды. Баласы Жәңгірді Астраханға беріп, хандықты әкімшілік жағынан басқару әдістерін үйретті. Сөйтіп ол он жыл бойы Астрахан генерал-губернаторы Е.С.Андреевскийдің отбасында өсіп, тәрбиеленді. Бірнеше тіл үйреніп, еуропалық тәлім алды. Ал Бөкейдің өзі болса бар-жоғы 13-15 жылда жаңа қоныстанған қос өзен аралығындағы 7072000 десятина кең жазықты барған сайын кеңейтіп, 5 миллионнан астам мал өсірді. Бастапқыдағы 5 мың түтіні бар 77 болысты 25

мың шаңырақты 149 болысқа жеткізді. Отыз жыл бойы иесіз жатқан бұрынғы Самар даласын Ресейдің ғажайып базар базасына айналдырды.

Бір қарағанда бұл тек малдан басқа кәсібі жоқ халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, тұрмысын жақсартудың және жәй ғана емес, жаңаша әғни, әлгі айтқан еуропалық үлгіде жақсартудың бірден-бір жолы еді. Сөйтіп алғашқы күннен майлы ішектей араласып, бірінің қалтасын бірі қағып, толтырған көршілердің байланысы өсті. Әсіресе жоғарыда айтқанымыздай бар дәулеті жоңғар даласына үдере көшкен қалмақтармен бірге кеткендей болған ресейлік алпауыттар қуанышында шек жоқ еді. Өйткені олар үшін отыз жыл бойы адам ізі түспеген иен дала енді таза байлық көзіне айналды. Төрт түлігіне қоса жүн, тері, басқа ырыс қайта оралды. Осы кезде, яғни 1806 жылдың 19 мамырында «Көшпелі халықтарға жер бөліп беру тәртібі ережесіне» сай біз әңгіме жасап отырған «Кіші қайсақ ордасының» территориялық жер көлемі бұрынғы Кіші және Үлкен, немесе жергілікті халық атайтын Қара, Сары өзендерге қоса Боғда тауы, Еділ сыртына дейін өсті. Арқаға ұлық қакқанға мәз болатын қазақ сұлтанына патша 1812 жылы «хан» атағын беріп, өңірге тағатын алтын медалін қоса тапсырды.

Шара 7 шілдеде өтті. Оны тарихшы Я.В.Ханыков «Очерк состояния Внутренней Киргизской Орды» деген еңбегінде «При прибытии князя Волконского и Букея на приготовленное и обставленное место за городом Уралском, военный губернатор объявил киргизам Высочайшую волю о возведении Букея в ханское достоинство, потом прочитаны были на русском и татарском языках Высочайше грамоты об утверждении и приступлено к приведению Букея к присяге на Коране. По окончании ее, сделано 12 пушечных выстрелов, с трехкратным беглым ружейным огнем и музыкой. Новый же хан облечен всемилоостивейше пожалованным собелью шубою, саблею и шашкою и ему была вручена Высочайшая Грамота на имя его» деп жазыпты.

Бірақ Бөкейге хан атағы оңайлықпен келген жоқ. Әсіресе Нұралының хандық тақ үшін қандары бастарына тепкен «бес қалмағынан»* басқа да ұлдары жетерлік еді. Тіпті «сол атак шоқыншы Бөкейге тисе басын қағып, трамотасын өртеп жібереміз» деп алақандарына түкіріп, жол тосқандары да болыпты. Осындай дөңайбаттан қорыққан Бөкей Орынбордағы хандық құжатын белгілі би Бекпембетке най семіз, қаба жал, қаба құйрық, кара айғырдың құйрық қылдарының арасына тықтырып алдырыпты деген де аңыз бар. Қалай десек те, көктен күткені жерден бұйырған бұл құрмет әуелгіде «жана жер қоныс бола ма, жоқ па?» деген күдікпен бар байлығын Ойыл мен Сағыз арасындағы атакүлдігіне тастап, Нарынға бар-жоғы 5 түйе, 20 қой, 17 жылқымен көшкен Бөкей сұлтанның да, оған қараған көшпенді оралмандардың да мерейін өсіріп, сенімін арттырды. Жылдар бойы тусырап жатқан шұрайлы дала қыр қазақтарының бір малын екеу, екеуін төртеу етті. Сауда өсті, дәулет артты. Жұрт кейіннен бұл жәйлі «Хан Бөкейдің тұсында секер шәйнап, бал жұттық» деп жырлады.

Тегінде жергілікті халық Бөкей хан турасында еш уақытта ғайбат сөз айтып, терісқабақ танытпайды. Қайта «Ол өз заманында сауатты, заман ағымын жақсы түсінген көреген адам болған. Көршілес орыс елінде етек алған отырықшылық, елді сауаттандыру, жаңа мәдениет, жаңалыққа көп көңіл бөлген. Кейіннен дәстүрге енген көп бөлмелі қарағай үйлер мен шикі тастан соғылған тас қыстаулар сол Бөкей заманында салынып, қолға алынды» деп отырады. Бірақ осы сынды алдымен хандық тақ, ғажайып даңқты аңсаумен бірге туған халқының болашағы көбірек алаңдатқан Бөкейдің хандық ғұмыры ұзаққа бармады. 1815 жылғы 21 мамырда шикі судан жұғатын бөсір ауруына шалдығып, аз күнде қайтыс болды. Артында бәйбішесінен туған Тәуке мен Әділ, тоқалы Атан ханымнан өрбіген Меңдігерей мен Жәңгір қалды. Әке өсиеті бойынша хандық мұрагерлік тақ кенже ұлға бұйырды. Бірақ билік басына Жәңгір өскенше інісі Шығай келді. Ол

өзі билік құрған сегіз жыл ішінде аса жемқор, адамдарды бір-біріне айдап салар залымдығымен аты қалды. Керек десеніз хандық жылы орынды мұрагер ұлға бермеудің де бар айла-шарғысын істеп бақты. Әйтсе де билік Жәңгірдің өз өтініші бойынша 1823 жылы 24 маусымда әкесі таққа отырған Оралдағы Хан тоғайында сайлау негізінде жүзеге асты.

Шығай билік құрған тұста қос өзен арасын қоныстанушылардың біразы бұл өңірді жазда ғана жайлап, қыс қыстауын Жайықтың шығыс бетінде өткізу үшін ескі жұрттарына қайта көшіп жүрді. Бұл көптеген көшпендінің көңілін алаң ғып, қайсыбірі жылы орынды суытпай отырып та қалды. Өйткені Шығайдың паракор ащы тырнағы соны талап етті. Бірақ Орынбор әскери шекаралық басшылықтың 1818 жылғы Жайықтан кері өтуге тыйым салған жарлығы мен билет жүйесінің енгізілуі бөкейліктердің бұдан былай Жем-Сағыз, Тайсойған мен Бүйрек бойына қайта айналып соғуына мүмкіндік бермеді.

Жәңгір таққа отырған күннен бастап билікті нығайту, басқару аппаратын өзгертуге ерекше мән берді. Оның бұл ісін орыс тарихшылары «басқарудың Жәңгірлік реформасы» деп атады. Ол қандай реформалар еді?

Алдымен бұған дейінгі ел басқару ісіндегі аталарының бәрі, керек десе тым әрідегі Шыңғыстан бастап, одан бергі Бату мен Берке, өз әкесі Бөкей мен ағасы Шығайдың үш ай қысты қыс қыстаулары мен сарайларда өткізсе де жаздықтарын жайлауда, болмаса Сарайшық сынды саумал ауа, жасыл орман, сахараға арнайтын. Бұл олардың қашаннан бергі аттың жалы, атанның қомында өскен көшпенділігінен де болса керек. Бірақ Жәңгір таққа отырып, Фатима сынды еуропалық тоқал алғаннан кейінгі жұмыстанғаны – жылжымайтын түпкілікті мекен – Хан Ордасы орталығын салу, басқару ісіне өзгерістер енгізу болды. Ол үшін хандық әкімшілік орталығын салу және онда басқару аппаратының ерекше жүйемен жұмыс істеуіне назар аударды. Жаңа әдіс бойынша 12 биден тұратын рулық хандық басқару

жүйесі жұмыс істеді. Аппараттың өзінде бұлардан басқа ханның жеке тапсырмасын орындаушы 12 ағаман есауыл, ең негізгі жұмыс түрлерін жинақтаған екі бөлім, арнаулы тергеушісі бар кеңсе қызмет етті. Бұлардан басқа Ордаішілік жәрменкелер мен сауда орындарында бірыңғай ортақ тәртіптің сақталынуы мен олардағы баж салығының жинақталуын бақылап, қадағалаушы базар сұлтандары болды.

Сайып келгенде, бұл Жәңгір таққа отырғаннан кейінгі дүниеге келген жаңалықтар. Бірақ оның төрінде патшалы Ресей әкімшілігі, оның отарлау саясатына байланысты не бір құйтыркылықтар да жатқанды. 1822 жылы Орынбор генерал-губенаторы П.К.Эссен «Орынбор қырғыздары туралы жарлығының» жобасын талдап, жасады. Дегенмен ол Азиялық комитетте 1824 жылы ғана қаралып, қабылданды да, сол жылдың күзінен бастап жүзеге асырыла бастады.

Жаңа жарғы бойынша ірі феодалдардың жергілікті бөлігі жойылып, оның орнына орталықтан басқарылатын аппарат құрылды. Мәселенің бәрі әкімшілік басқару, сот, заң істерін бұрынғыдай хан кеңесі емес, ханның жеке өзі шешіп, ру басын тағайындау да өз қолына көшті. Бірақ бұл тағайындау кейіннен Орынбордың шекаралық комиссиясында міндетті түрде бекітілетін болды және осынау кен байтақ өлкенің батысынан Астрахан, шығысынан Орал казактары сақинадай сығып, ерекше бақылауда ұстады. Соған сай аталған Орданың көптеген шекаралық ауылдары орыс селоларымен канаттас, көрші отырып, олардың үлгілі жақтарын үйренуге мүмкіндік туды. Отырықшылық өсті, сауда-сағтық дамыды, тауар-ақша қатынасы ұлғайды. Дегенмен, ресейлік әкімшілік-басқару аппараты жат жұрттық қоңсылардың алғашқы күннен күле қарап, күнірене шығып, қойны-қоныштарына кіре араласқанын ұнатпады. Соған сай олар «Айналайын, қойынды аулақ жайып, аяғыңды әрмен көсіл» деуді де ұмытпады. Керек десе Каспий теңізінің терістігіндегі қоғалы су, балықты көлдерін де қимай, шекара белгілеп қойды. Қазақтар оны «шырта» (черта) деген. Одан

ішке еңсе, әсіресе мал өтіп кетсе шошканың дауынан да жаман бәлеге қап, қыруар айып төлейді, болмаса одан да зоры көрсетіледі.

Нарын даласын немдену бастамасы әуелде Бөкей атынан болғанымен оған рұқсат берерде империялық Ресей де көп қулығын бүгіп қалып еді. Соның бірі – бұл өлкені өздерінің шикізат базасына айналдыру ниеті болатын. Уақыт өте ол мақсат та толығынан орындалды. Кейіннен өлке адамдары былай тұрсын, бұл аймақтың түлігіне шейін орыстарға қызмет етіп, қадесіне жарады.

1828-29 жылдардағы орыс-түрік соғысында Ресей әскері Балқан тауынан кідіріссіз асса да алды қыс боп, бас сұғып, аялдар баспана, бой жылытып, жан сақтар ауқат, артық қару, оқ-дәрісі жоқ пұшайман халде әбден тарықты. Әу баста жаулап алған жердің дәулеті асырайдының керімен жорыққа шыққан әскер үміті ақталмады. Осы кезде өкімет тарапынан амалсыздан отар есебінде отырған қазақтарға қол жайып, көмек сұрауына тура келді. Көз ашқалы көргені орыс, алған білім, тәрбиесі де солардікі болған Жәңгірге басқа сөз айтуға лаж жоқ, басын шұлғып, қол қусырды.

Бір қарағанда ол кезде бұдан басқа амал да жоқ екені белгілі. Тез арада қалаған жеріне 1000 түйе керуен азық-түлік, киім, қару-жарак, киіз үйлер жеткізілді. Қаншама ұзақ және тау-тасты жол болса да, соншама жүкті кідіріссіз жеткізгеніне таң-тамаша қалған орыс өкіметі мен оның әскер басылары тұңғыш рет түйенің мұндай жолда қолайлы көлік екендігі, оның жүнінен тоқылған жылы шұлық, қолғап, сиырдың бұрын-соңды жеп көрмеген құрт-ірімшігі, еділбай қойының тәтті де майлы еті, көші-қонға қолайлы баспана – киіз үйлерге ауыздарын ашып, көздерін жұмды.

Бұдан әрі Жәңгірге Ордада тез арада жүк көтеруге төзімді жібек жүнді түйе мен етті еділбай қойын, жалпы түлік атаулыны көптеп өсіру ісі тапсырылды. Жылқы малын асылдандыру бағытында Ресейдің арнаулы зауыттарында өсіріліп, сұрыпталған 20 айғыр бөлінді.

Сайып келгенде Жәңгір тұсында Бөкей хандығы жылқы